

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
1-апта (27-01 қазан, 2021 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжеева А.Ж

Тәрбиеші: Махмут М.М

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата аналармен кенес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Баланың жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Танертенгі жаттығу.	Танертенгі жаттығу кешені №3				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.).	Д.О. «Көп және біреу» Мақсаты: Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету, заттардың тең және тең емес топтарын салыстыру. Ойын шарты: Балалар берілген суреттерден көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.	Д.О. «Үй құрлысының ретін көрсет» Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін арттыру. Ойын шарты: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Өртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үй құрастыруды ұсыну.	Д.О. «Бақша да ма, бау да ма?» Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Жемістер мен көкөністердің қайда өсетінін айтады.	Д.О. «Кім жылдам?» Мақсаты: Шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Ойын шарты: Шашылып жатқан көккіңістер мен жемістерді тез жинап алу.	Д.О. «Не ұшпайды?» Мақсаты: Ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу. Ойын шарты: Суреттен ұшатын және ұшпайтын заттарды ажыратып, аттарын ататқызу.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу. Тақырыбы: «Т» дыбысы. ҰОҚ мақсаты: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстайды. Сөзді буынға бөледі, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтайды. Қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Шарты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табады, сөздегі дауысты және дауыссыз дыбысты ажыратады.	1.Математика негіздері. Тақырыбы: 3 саны және цифыры. 4 саны және цифыры. ҰОҚ мақсаты: 3,4 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады. 1-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастырады, оларды таниды және атай біледі. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Санап үйренем»	1.Сауат ашу. Тақырыбы: «Т» дыбысы. ҰОҚ мақсаты: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстайды. Сөзді буынға бөледі, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтайды. Қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Балық аулайық» Шарты: Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.	1.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Үйдегі және мектептегі қауіпсіздік. ҰОҚ мақсаты: Балалар үйдегі және мектептегі қауіпсіздік ережелерін түсінеді. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтай алады. Қауіпті жағдайларды ескере отырып үлкендерін айтқанын тыңдайды. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Болады, болмайды» Шарты: Үйдегі қауіпсіздік ережесін сақтайды. Нені істеуге болмайтынын	1.Өзін-өзі тану. Тақырыбы: Мен және менің мұғалімім. ҰОҚ мақсаты: Балалардың өсіп жетілген ортасы, мектеп жайында түсініктерін меңгертеді. Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынас туралы түсінік алады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Тез жауап бер» Шарты: Сұрақ-жауап -Мұғалім-деп кімді атаймыз? -Сендер кімдерді

<p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Сөз ойла, тез ойла»</p> <p>Шарты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табады, сөздегі дауысты және дауыссыз дыбысты ажыратады.</p> <p>Т-әрпімен таныс бол.</p> <p>Т-қатаң дауыссыз дыбыс.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Кім зейінді?»</p> <p>Шарты: Балалар дауысты және дауыссыз дыбысты ажыратады.</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>1.Суреттегі заттарды ата. Олардың ішінен дауысты дыбыстан басталатын сөздердің суреттерін қызыл шаршыға, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздердің суреттерін көк шаршыға жапсыр.</p> <p>2.Суреттерді ата. Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды белгілеп жаз.</p> <p>Еркін ойын: «Кім көп сөз біледі?»</p> <p>Шарты: А Т дыбысына байланысты сөздер айту. -Қандай әріппен таныстыңдар? -Т қандай дыбыс?</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау</p> <p>2.Жаратылыстану.</p> <p>Тақырыбы: Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?</p>	<p>қалыптастырады, оларды таниды және атай біледі. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Санап үйренем»</p> <p>Шарты: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>1.Сана. Неше машина? Неше қуыршақ? Шаршыларға сонша нүкте сал.</p> <p>2.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз.</p> <p>3.Заттардың санына сәйкес цифрлармен нүктелерді сызып қос.</p> <p>4.Әр топтағы заттарды сана. Цифрды жапсыр.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Шатасқан сандар»</p> <p>Шарты: Шатасқан сандарды ретімен орналастырады.</p> <p>Еркін ойын: «Көп және біреу»</p> <p>Шарты: Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды. Санын айтады. -Қандай санмен таныстыңдар?</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек»</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту.</p>	<p>біледі.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Балық аулайық»</p> <p>Шарты: Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>1.Дәл осындай машинаны оң жағына сал.</p> <p>2.Үзік сызықтарды бастырып жаз.</p> <p>3.Үзік сызықтарды бастыр. Боя.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Сөз ойла, тез ойла»</p> <p>Шарты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табады, сөздегі дауысты және дауыссыз дыбысты ажыратады.</p> <p>Еркін ойын: «Кім көп сөз біледі?»</p> <p>Шарты: А Т дыбысына байланысты сөздер айту.</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау</p> <p>2.Көркем әдебиет.</p> <p>Тақырыбы: Жемістер жыры. (өлеңін жаттау).</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Балалар әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап таба білуді, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, тенеулерді қолдануға</p>	<p>айтқанын тыңдайды.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Болады, болмайды»</p> <p>Шарты: Үйдегі қауіпсіздік ережесін сақтайды. Нені істеуге болмайтынын айтады. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі.</p> <p>Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа.</p> <p>.Мынау-балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды.</p> <p>.Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды.</p> <p>.Мынау-үтік. Оның шнурын тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады.</p> <p>.Плитаның үстінде шәйнек, таба, кәстрөл тұр. Олар-ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап немесе шүберек керек.</p> <p>.Мынау-дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе!</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p>	<p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Тез жауап бер»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап -Мұғалім-деп кімді атаймыз?</p> <p>-Сендер кімдерді өздеріне ұстаз деп санайсыңдар?</p> <p>-Ұстаздарыңды қалай қуантар едіңдер? «Ұстаз» өлеңі. А.Сопыбеков.</p> <p>Жүректен-жүрекке. Сергіту сәті.</p> <p>Орнымыздан тұрайық, Саусақтарды біріктіре. Жүректі біз құрайық, Жүректегі жылулықты, Досымызға сыйлайық.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Кімге не қажет?»</p> <p>Шарты: Әр мамандық иесіне қажетті заттарды атау.</p> <p>Еркін ойын: «Кім болам?»</p> <p>Шарты: Болашақта қандай мамандық иелері болатындығын айтады.</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау</p> <p>2.Музыка.</p> <p>Тақырыбы: Біздің аспаптар.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын</p>
---	---	--	---	---

<p>ҰОҚ мақсаты: Балалар саңырауқұлақтармен танысады, оларды ажырата алады. Саңырауқұлақтардың өсуіне қажетті жағдайларды түсінеді.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Не қайда өседі?»</p> <p>Шарты: Өсімдіктерді топтастыру.</p> <p>Тыңда. Саңырауқұлақ ылғалды жерде өсетін, қалпақ тәрізді қалқаны бар, гүлдемейтін өсімдік.</p> <p>Жұмыс дәптер. 1. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды жасыл, жеуге жарамсыздарын қызыл қарандашпен қорша. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ата.</p> <p>Ақ саңырауқұлақ. Түлкішек. Қайыңқұлақ. Терекқұлақ. Шыбынжұт. Сазқатпа.</p> <p>2. Суретте қандай саңырауқұлақтар жасырынып тұр? Оларды санай аласың ба?</p> <p>3. Фотосуреттерді қара. Бұларды неліктен орман жидектері деп атайды? Ойлан. Оларды жеп көрдің бе? Дәмі қандай? Бүлдірген. Итмұрын. Шетен. Шырғанақ. Танқурай.</p> <p>Барлық жидектерді жеуге болмайды. Бөріқарақат пен қарғакөз-ұлы жидектер!</p>	<p>Тақырыбы: Күз бояуы.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы біледі. Күз мезгілінде барлық жер сары түске боялатыны туралы ұғынады. Мезгілдерді ретімен дұрыс айта біледі. Дәптермен жұмыс жасай білуге қызығушылығын артады.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»</p> <p>Шарты: Педагог суретшінің «Күз» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балаардан суретті дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар күз мезгілінде болмайтын көріністерді тауып айтады.</p> <p>Жұмбақ. Жауып жаңбыр, Жер сабыр. Шөп жапырақ солады. Бұл қай кезде болады?</p> <p>Тыңда. Күздің бас кезі шуақты және жылы болады. Бұлтты күндер көбейеді. Күздің соңына қарай күн суыта бастайды. Салқын, сылбыр жауын көбейеді. Күн қысқарып, түн ұзара түседі. Өсімдіктер</p>	<p>үйреді.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Бұл қай кезде болады?»</p> <p>Шарты: Жұмбақты шешеді. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Жұмбақ. Өрік алма, Жидек, жүзім піседі. Қауын, қарбыз, Қияр, сәбіз, Дүкендерге түседі. Астық пісіп, Орақ түсіп Қырман дөңге толады, Айтыңдаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады? (күз мезгілі).</p> <p>-Жемістерді атандар. -Жемістер қайда өседі?</p> <p>Тыңда. Бақта-жемістер мен жидектер өседі. Жүзім, құлпынай, таңқұрай-жидектер. Алма, алмұрт, өрік, алхоры, шие-жемістер.</p> <p>Бірге айтайық. Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Жұмбақтар шешейік»</p> <p>Шарты: Жұмбақтардың жауабын табады. Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты.</p>	<p>«Мен тәртіпті баламын»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап. -Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? -Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?</p> <p>Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері.</p> <p>1.Баспалдақтан жүгіріп түспе! 2.Қосулы тұрған электр құралына тиіспе! 3.Әжетханада секірме, жүгірме! 4.Мектептен тек ата-анаңмен бірге қайт!</p> <p>Еркін ойын: «Мен тәртіпті баламын»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап. -Мектепте қауіпсіздік ережесін сақтамаған жағдайда не болуы мүмкін?</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау</p> <p>2.Денешынықтыру. Тақырыбы: Ұлттық ойындар. (таза ауада).</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Шапшаңдыққа үйренеді, негізгі қимылдарды меңгереді, шынығады.</p> <p>Негізгі қимылдар: Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге; жүгіруге; тізе мен санды жоғары көтеріп ырғақпен жүруге; зал ішіне бір-</p>	<p>білдіреді, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтады. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: Ән тыңдау: «Балдырауын» Құрманғазы. Ән айту: «Балдырғандар әні» Г.Жотаева. «Мен өнерлі баламын» М.Омаров.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Біздің аспаптар»</p> <p>Шарты: Суреттегі аспаптардың атын атайды.</p> <p>Еркін ойын: Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Марш» В.Дешевов.</p> <p>Билер: «Шабандоздар биі» ұнтаспа. «Жұмыр қылыш» ұнтаспа. «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Екі жұлдыз, бір тілек</p> <p>3.Денешынықтыру. Тақырыбы: Бадминтон футбол. ҰОҚ мақсаты: 1. Жүріп келіп сапқа үш</p>
---	---	---	--	---

	<p>Жидектер жарықты, ал саңырауқұлақтар жарықты да, көлеңкені де жақсы көреді. Құрылымдалған ойын: «Тез жауап бер» Шарты: Берілген сұрақтарға тез жауап береді. -Саңырауқұлақ қайда және қандай жерде өседі? -Саңырауқұлақтың қандай түрлерін білесіңдер? Еркін ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Қимылмен көрсетеді, санын айтады. Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті міне керегі. Екеуі қайың астынан, Біреуі терек астынан, Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке?</p> <p>Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ, Басында қалпағы бар. Ормандағы жәндіктерге, Жауын жауса пана болар. Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау</p> <p>3.Денешынықтыру. Тақырыбы: Күзгі орманда. ҰОҚ мақсаты: Шапшаңдыққа үйренеді, негізгі қимылдарды меңгереді, шынығады.</p> <p>Негізгі қимылдар: Бөрене үстінен екі аяқпен секіру</p>	<p>жалаңаштанып, ұсақ жәндіктер жоғалады. Жыл құстары жылы жаққа ұшып кетеді. Адамдар жылы киінеді. Бірге жаттаймыз. Келді міне күз, Айнала сары түс. Керемет, тамаша, Қандай әсем күз. Балалардың жұмысы. «Алтын күз» (сурет салу). Құрылымдалған ойын: «Ауа-райы туралы айтып бер» Шарты: Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық, бұлтты, желді, жаңбырлы). Еркін ойын: «Қай ағаштың жапырағы?» Шарты: Жапырақтардың қай ағаштыкі екенін айтады. -Күз белгілерін ата. -Жыл мезгілдерін ата. -Күзгі табиғат туралы айт Екі жұлдыз, бір тілек</p> <p>3.Сурет салу. Тақырыбы: Торсық. (түрлі-түсті қарындаштар). ҰОҚ мақсаты: Балалар өз армандарын елестетеді және сұлбасын, өзіне тән ерекшеліктерін сақтайды.</p>	<p>(алма). Көктемде гүлге оранады, Күзде қолға оралады. (алма). Көк лағым көгенде тұрып семірді. (қарбыз). Түсі-сары, еті-дәрі. (лимон). Түрі шар сияқты, түсі қып-қызыл, Дәмі бал сияқты. (шие). Алма дерсің түсіне қарап, Жүгері дерсің ішіне қарап. Татсаң тәтті бал шәрбатты. (анар). Жемістер жыры. Мен шиемін, шиемін, Күннің көзін сүйемін. Қышқыл шырын менде бар, Төмен басты иемін. Мен алмамын алмамын, Таңдай татар бал дәмім. Мына тәтті бал дәмді, Дастарқандарыңа арнадым. Мен алмұртпын, алмұртпын, Күзде жинап алатын. Балбыраған біреуін, Жесең тойып қалатын. Көктемде ерте гүлдеймін, Кешігуді білмеймін. Уылжыған өрікпін,</p>	<p>біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру. №10. Доптар мектебі. Қимылды ойын. «Қояндар мен қасқыр» Ойын шарты: бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады. Мұғалім: -Секеңдеңдер қояндар, Жүгіріңдер, жортыңдар! Дегенде, қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апнынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарды. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады. 3.Жапсыру. Тақырыбы: Саңырауқұлақтар. ҰОҚ мақсаты: Балалар геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгереді. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім тез жауап береді?»</p>	<p>қатармен тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұруды үйренеді. 2. Еңбектейді, биіктігі 40 см доға астынан еңбектейді. 3. Арқан үстімен бір бүйірімен адымдап жүреді Негізгі қимылдар: Балаларды қатарға тұруға жаттықтыру. 2-3 тізбекте сапта шашырап жүгіріп, содан соң тізбектегі орнын табуды; допты жоғары лақтырып оны екі қолымен қағып алуға үйрету. №10. Доптар мектебі. Қимылды ойын. «Балапандар мен мысық» Бастапқы қозғалыс: Жай жүріс, жүгіру. Ойын барысы: Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап: Мыс-мыс-мысығым, Қандай күшті пысығым. Пеш түбінде ұйықтайды, Көзін қатты қыспайды. Балапанды ұстайды? Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі. «Басмармақ» әдісі. 4.Логика әлемі. Тақырыбы: Сол жақтан – оң жақтан. Мақсаты:</p>
--	--	---	---	---	---

<p>және допты кеудеден екі қолымен лақтыру жаттығулары. Карточка №6. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақтар» Мақсаты: Өртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту. Ойын барысы: Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету. «Басмармақ» әдісі.</p> <p>4.Мүсіндеу. Тақырыбы: Көкөніс. (қияр, қызылша, сәбіз). ҰОҚ мақсаты: Балалар көкөністің пайдасын түсіне отырып, мүсіндеуге үйренеді. Қол бұлшық еттері, ойлау қабілеттерін дамытады.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Көкөніспен жемісті ажырат» Шарты: Балалар көкөністер мен жемістерді ажыратып, пішінін, түсін, дәмін атайды. Құрылымдалған ойын: «Кім тез жауап береді?» Шарты: Сұрақ-жауап. -Ащы және тәтті көкөністерді ата. -Көкөністерден қандай тағамдар жасалады?</p>	<p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Бәрін білгім келеді» Шарты: Тыңдайды, сұрақтар қояды. Тыңда. Ыдыстар әртүрлі заттардан жасалады. Олар: шыныдан, пластмассадан, ағаштан, теріден, фарфор, хрустал т.б. жасалады.</p> <p>Торсық- Орталық Азиядағы түркі халықтарының қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңешке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. Ол жоғалып қалмай үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды. Торсықтарға әртүрлі өрнектер салады. Құрылымдалған ойын: «Не артық?» Шарты: Суреттен артық затты табады, атайды. Бірге жаттайық. Дастарханды жаямыз, Ыдыстарды қоямыз. Тағамдарды әкеліп, Дастарханға қоямыз.</p>	<p>Бау-бақшаға көрікпін. Еркін ойын: «Жемістер» Шарты: сурет салу. Сергіту сәті. Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкенін, дәмдісін, Анамызға сыйлайық. «Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау.</p> <p>3.Орыс тілі. Тақырыбы: Волшебный сандучок. ҰОҚмақсаты: Формирование умения описывать игрушки. учить называть игрушки, материал, из которого они сделаны, учить составлять предложения из 2–3 слов; закреплять умение называть основные цвета, различать значения и употребления предлогов, употреблять существительные.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: Азбука-тетрадь. Что забыл нарисовать художник? Дорисуй и назови игрушку. Составь предложения со словами «машина» и «кукла» Құрылымдалған ойын: «Не артық?»</p>	<p>Шарты: Сұрақ-жауап. Суретпен жұмыс. -Балалар, суреттен не көріп тұрсындар? -Кірпі қайда жүр? -Кірпі нені көрді? -Балалар, бұл саңырауқұлақ.</p> <p>Саңырауқұлақ- ылғалды жерде өсетін, қалпақ тәрізді қалқаны бар, гүлдемейтін өсімдік. Саңырауқұлақ-біздің ғаламшарымыздың ең ерекше өкілдерінің бірі. Саңырауқұлақтар Жер бетінде ұзақ уақыт бойы тіршілік етеді. Олар тіпті динозаврлардан да бұрын пайда болған. Әлемде саңырауқұлақтың 2 мил астам түрі бар. Саңырауқұлақтар ерте көктемде шығатын өсімдіктердің бірі. Дәмдік қасиеті мол бұл өнімнің әлем бойынша 100 мыңға жуық түрі кездеседі. Жеуге жарамдысы да, жарамсызы да бар. Адамға азық болатын саңырауқұлақтар көбіне ақ түсті болып келеді. Олар ақуыздар мен көмірсуларға бай. Саңырауқұлақ құрамындағы В1 В2 дәрумендері ағзадағы қан айналым процесін жақсартады. Шаш пен</p>	<p>Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Айналамдағы заттарды санаймын» Шарты: Заттарды санайды, санын айтады. Құрылымдалған ойын: «Ғажайып қоржын» Шарты: Тапсырмаларды орындайды. 1.Суреттегі бейнеленген заттарды сана. 2.Суреттегі заттарды санап, сәйкес цифрмен сызып қос. 3.Әр тәрелкедегі жемістерді сана. Тиісті цифрды қой. 4.Заттардың суретін 5 тен болатындай толықтырып сал.</p> <p>Еркін ойын: «Кім шатаспай санайды?» Шарты: 1-ден 5-ке дейін тура,кері санау. «Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау.</p>
---	---	---	--	--

<p>-Қандай көкөністі шикілей жеуге болады? -Қысқа сақтауға және тұздауға болатын көкөністерді ата. -Орамжапырақты асқабақпен салыстыр. Еркін ойын: «Жұмбақтар шешейік» Шарты: Жұмбақтар шешеді. Ұрмай соқпай жылатады, Бәрі оны ұнатады. (пияз). Түскенде салқын күз, Жинадық алтын тіс. (жүгері). Аласа ғана бойы бар, Қабат-қабат тоны бар. (орамжапырақ). Әр желіннің асты толған көк қоян, Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (қияр). Бұйра тұлымы желмен ойнайды, Қызыл мұрыны жерге бойлайды. (сәбіз). Тігіп алып көк шатыр, Қызыл күрең доп жатыр. (қызылша). Аласа тал, тамаша тал. Самсап тұр алмасы. Ол алқызыл, Ол қанқызыл, Боялғанша алмашы. (қызанақ). Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар.</p>	<p>Балалардың жұмысы. «Торсық» (сурет салу). Еркін ойын: «Торсықты бояуға түс таңда» Шарты: Берілген түрлі-түсті карточкалардан суреттегі бояу түріне сәйкестендіре түстерді таңдап алады. -Торсық шұбат, қымызды салқындатып сақтайтын ұлттық ыдыс. Жолаушыларға пайдасы өте мол екен. Өздерің салған торсықтардан көрме ұйымдастырайық. «Екі жұлдыз бір тілек» 4.Ұлттық ойындар. Тақырыбы: Санамақтар. Мақсаты: Санамақтар туралы түсінік беру. Санамақтар жаттау. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақтың жауабын табады. Сұрақтарға жауап береді. Жұмбақ. Кесе, шыны, пиала, Оларсыз шәй құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? -Кесе қандай жұмсақ па әлде қатты ма? -Кесе неден жасалады? -Түстері әртүрлі бола ма? -Пішіні домалақ па,</p>	<p>Шарты: Суреттен артық затты табады, атайды. Еркін ойын: «Менің сүйікті ойыншығым» Шарты: Балалар өздерінің сүйікті ойыншығымен ойнайды. «Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау. 4.Музыка. Тақырыбы: Біздің аспаптар. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіреді, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтады. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын айтады. Педагог жетекшілігі мен ойын: Ән тыңдау: «Балбырауын» Құрманғазы. Құрылымдалған ойын: Ән айту: «Балдырғандар әні» Г.Жотаева. «Мен өнерлі баламын» М.Омаров. Еркін ойын: Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Марш» В.Дешевов. Билер: «Шабандоздар биі» ұнтаспа.</p>	<p>тырнақтың өсуіне оң әсерін тигізеді. Ас қорту жүйесіндегі сөл шығаруды реттейді. Балалардың жұмысы. «Саңырауқұлақтар» (балалар түрлі-түсті қағаздан саңырауқұлақтарды қиып жапсырады). Сергіту сәті. Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті міне керегі. Екеуі қайың астынан, Біреуі терек астынан, Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке? Құрылымдалған ойын: «Тез құрастыр» Шарты: балаларға екі бөлікке бөлінген саңырауқұлақты тез, әрі дұрыс құрастыру. Бірге айтамыз. Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ, Басында қалпағы бар. Ормандағы жәндіктерге, Жауын жауса пана болар. Жұмбақ. Бір аяғы, қалқиған қалпағы бар, Ағаш түбінде тұрағы бар. (саңырауқұлақ). Еркін ойын: «Кім білгір?» Шарты: Сұрақ-жауап. -Саңырауқұлақ қайда және</p>	
--	--	--	---	--

	<p>(орамжапырақ).</p> <p>Балалардың жұмысы. «Көкөністер» (ермексаздан мүсіндейді).</p> <p>«Көкөністер жыры» Өсіретін бойынды, Дамығатын ойынды. Қоянға да азықпыз, Сәбіздерміз жазықсыз.</p> <p>Бақшаларда тізіліп, Қаперсіз мен жатамын. Қабат-қабат киініп, Қырыққабат атандым.</p> <p>Асханадан шықпаймын, Атым пияз бұқпаймын. Көзден жасты шығарып, Тымаудан бірақ сақтаймын.</p> <p>Көктеп ерте шығамын, Өсемін мен бүр жарып. Атым қияр теріп ал, Жиі-жиі суарып.</p> <p>Картоп біздің атамыз, Жер астында жатамыз. Бір тамырдан таралған, Ағайынбыз бәріміз. «Екі жұлдыз бір тілек»</p>	<p>төртбұрыш па?</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Суретті жалғастыр» Шарты: Суреттегі аяқталмаған үлгіні өз қиялы бойынша аяқтап салады.</p> <p>Суретпен жұмыс. «БІдыстар» БІдыстар әртүрлі заттардан жасалады. Олар: шыныдан, пластмассадан, ағаштан, фарфор, хрустал т.б. жасалады.</p> <p>Бірге жаттайық. Дастарханды жаямыз, БІдыстарды қоямыз. Тағамдарды әкеліп, Дастарханға қоямыз.</p> <p>Сергіту сәті. Қолға кесе аламыз, Кесеге шәй құямыз. Шәй ыстық фу-фу деп үрлейміз, Шәйдан барлығымыз ішейік. -Кесе қандай жұмсақ па әлде қатты ма? -Кесе неден жасалады? -Түстері әртүрлі бола ма? -Пішіні домалақ па, төртбұрыш па? «Екі жұлдыз бір тілек»</p>	<p>«Жұмыр қылыш» ұнтаспа. «Жұптасу биі» (чех халық әуені). «Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау.</p>	<p>қандай жерде өседі? -Саңырауқұлақтың қандай түрлерін білесіңдер? -Нені жапсырдыңдар? «Басмармақ» әдісі. Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру.</p> <p>4.Ойлаймыз,ойнаймыз. Тақырыбы: Біз нешеуміз? Мақсаты:Үлгі,суреттер Санауға үйретуегесте сақтау қабілеттерін дамыту . Педагог жетекшілігімен ойын: «Бәрін білгім келеді» Шарты: Зейін қойып тыңдайды, білімдерін толықтырады. Тыңда. Қоршаған ортаны танып білу үшін оны бақыла. Үлкендердің әңгімесін тыңда. Табиғатта қандай өзгерістер болатынын бақылау арқылы байқайсың. Сондай-ақ өсімдіктердің қалай өсетіні, адамдар мен жануарлар тіршілігі туралы білесің. Адам әрқашан табиғатты бақылап, көп нәрсені содан үйренеді. Өсімдік тіршілігін бақылап, оны қалай қолдан көбейтіп өсіруге, егін егіп, мол өнім алуға болатынын</p>	
--	---	--	---	--	--

				<p>білді. Жануарларды зерттеп білгеннен кейін, олардан жақсы жүн, мол сүт пен ет алудың жолдарын меңгерді. Біз табиғат аясында демаламыз, шынығамыз, денсаулығымызды нығайтамыз.</p> <p>Табиғатты бақылау, зерттеу арқылы адам оны пайдалануды, сақтауды, қорғауды үйренді. Сендерде табиғаттың байлығы мен сұлулығын қорғандар.</p> <p>Сергіту сәті. Жазда суда жүземіз, Құмда күнге күйеміз. Жалаң аяқ жүреміз, Қыста кызып денеміз, Коньки, шаңғы тебеміз. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. (балалар бір-екі жаттығу түрлерін орындайды).</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Тез жауап бер!»</p> <p>Шарты: Берілген сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді.</p> <p>.Құстардың даусына құлақ сал! .Табиғаттың сұлулығын сезіне біл! .Табиғатты қорғай біл! -Сендер қоршаған ортаны қалай танып білесіңдер? -Табиғат адамға не береді? -Жазда қайда дем алдың?</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>Табиғаттан не байқадың? -Күздің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болды? -Табиғатты не үшін қорғау керек? Еркін ойын: Балалардың жұмысы. «Табиғатым тамаша!» Шарты: сурет салу. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>	
Серуен, бақылау.	№1. Ауа-райын бақылау.	№2. Желді бақылау.	№3. Таяудағы көшелерді бақылау.	№4. Бұлтты бақылау.	№5. Аула тазалаушының еңбегін бақылау.
Баланың даму картасы.	тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану.	тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атайды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алу.	ертегі желісін ретімен мазмұндайды және орындату.	жәндіктерді атау, олар туралы қарапайым түсініктерді игерту.	бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастыру және желімдету.
Балалардың үйге қайтуы.	Ата-аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				